


ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АБАЙ АТЫНДАҒЫ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
МЕКТЕП – ИНТЕРНАТЫ» КММ



КГУ «СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ
ШКОЛА -ИНТЕРНАТ ИМ. АБАЯ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ОБЛАСТИ УЛЫТАУ

100600, Ұлытау обл., Жезқазған қ -сы,
Алашахана даңғ, 43Д

100600, обл.Ұлытау, г. Жезказган,
пр. Алашахана, 43Д

БҰЙРЫҚ

№ 129

«02» 04 .2024 жыл

ПРИКАЗ

№129

«02» 04.2024 год

**Оқушының міндетті мектеп
формасының сақталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығына сәйкес және оқушының міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім кеңеспен (қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті, мектептегі өзін-өзі басқару) келісу арқылы қабылдансын. Жауапты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Раимбекова.
2. Оқушының міндетті мектеп формасының сақталуына қойылатын бірыңғай талаптар мектепшілік тәртіп Ережесіне енгізілсін, (қосымша №1) мерзімі 01.04.2024 жылға дейін. Жауапты Д.Раимбекова.
3. Мектеп формасына қосуға рұқсат етілмесін және киюге тыйым салынсын:
 - жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар;
 - түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтері;
 - мектепте бас киіммен жүру;
4. Оқушыларға белгіленген мектеп формасын сақтауға, ал ата-аналарға және өзге де заңды өкілдерге белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау міндеттелсін, бұйрықпен таныстырылсын. Жауапты Д.Раимбекова, 5-11 сынып жетекшілері. Мерзімі 05.04.2024 жылға дейін.

5. Мектеп формасы талаптарының сақталуы туралы және мектеп формасы сақталмаған жағдайда тиісті заңға сәйкес ата-ана жауапкершілікке тартылатыны туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізісін. Жауапты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Ж.Раимбекова, мектеп психологі А.А.Жетибаева, әлеуметтік педагог А.Б. Сайлауова. Мерзімі 05.04.2024 жылға дейін.
6. Оқушының міндетті мектеп формасының сақталуы туралы бұйрық, мектеп формасының үлгісі мектептің әлеуметтік желіліріне орнатылсын. Жауапты Д.Раимбекова, А.Адилбекова. Мерзімі 05.04.2024 жылға дейін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Капарова Д.О.